

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 мамырдағы N 619 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 қыркүйек N 1172

Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығару жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі бағдарламасының тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығару туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 мамырдағы N 619 Р960619\_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 22, 194-бап) бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік ішкі займының ұлттық жинақ облигацияларын шығару, айналысқа қосу және өтеу шарттары туралы Ережеге мынадай өзгертулер енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ұлттық жинақ облигациялары бойынша, олар айналыста болған әр тоқсан үшін есептелетін құбылмалы проценттік ставка Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық Банкпен бірлесіп өткізетін аукционда қалыптасқан орташа дисконтты баға бойынша үш айлық мемлекеттік қысқа мерзімдік қазынашылық міндеттемелердің (МҚМ) түсімділік ставкасына тең мөлшерде белгіленеді. Ұлттық жинақ облигацияларының айналыста болуының бірінші тоқсаны үшін - жазылу басталуы хабарланған күннің алдындағы соңғы аукционда, ал келесі тоқсандар үшін - тиісті тоқсанның бірінші аптасында қалыптасқан МҚМ-нің түсімділік ставкасы қ а б ы л д а н а д ы .

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Инвесторларға проценттер төлеуді осы Ережеге сәйкес белгіленген және шығарылымның ауқымды сертификатында көрсетілген ұлттық жинақ облигацияларын шығару шарттарында көзделген ставкалар бойынша қаржы агенттері тоқсан сайын жүргізеді. Инвесторларға ұлттық жинақ облигациялары бойынша проценттер төлеу осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген күннен бастап он банкі күні бойында жүргізіледі. Егер осы мерзім өткенде жеке тұлғалар-инвесторлар есептелген проценттерді алмаған болса, қаржы агенттері төленуге тиісті проценттерді олар бойынша проценттер қосып есептеу шартымен талап етуі арқылы берілетін арнаулы жинақ шоттарына салады және оны инвестор талап еткен бойда төлейді. Ұлттық жинақ облигациялары бойынша заңды тұлғалар-инвесторлар талап етпеген тоқсандық проценттерді қаржы агенттері инвестордың есеп айырысу (ағымдағы) шоттарына аударады. Бұл ретте Қаржы

министрлігі талап етілмеген тоқсандық проценттерге үстеме процент есептеу жүргізбейді".

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Ұлттық жинақ облигацияларының соңғы тоқсандық проценттерін төлеу және нақты құнын өтеу осы Ереженің 3-тармағында белгіленген күннен кейін отыз күнтізбелік күн бойы, осы Ереженің 20-тармағында жазылған тәртіппен жүргізіледі. Осы мерзім өткен соң облигациялардың талап етілмеген проценттері мен нақты құнына осы Ереженің 20-тармағында жазылған тәртіп қолданылады".

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі